

ТІЛ ТАҒДЫРЫ — ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев барша Қазақстан халқын ұлттық экономиканың өсуі мен мүмкін болатын тәуекелдерді азайту үшін күш-жігерін жұмылдыруға шақырды. Жолдауда аталған он бағыт экономикалық және ішкі саяси тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз ету сияқты екі басты міндетті алға қойған.

Білім берудің сапасын арттыру барша Қазақстан халқының болашағы үшін стратегиялық маңызды. «Ғылым туралы» жаңа Заң Президенттің Жолдауында жүйелі мемлекеттік қолдау үшін зор мүмкіндіктер береді. Үкіметтің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, инновациялық жобалар жасауға бөлетін шарты қазақстандық ғалымдарға жаңа дем, жаңа талпыныс береді. Мұны әрбір жоғары оқу орнын жеке алып қарағанда байқауға болады. Н. Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауында айтып кеткен инновациялық-ғылыми кластерлер құру бір бағытта жұмыс істеп, өндірістік процесті жете білетін ғалымдардың күш-қуатын бір жерге топтайды. Мұндай кластерлер қаржылық ресурстарды үнемдеп, Отандық ғылымды өндіріске жақындатады.

2012 жылғы Жолдаудың ең негізі мәселелерінің бірі жетінші тармақта тұр. Онда мемлекет көркеюінің негізі — білімді әрі салауатты адам деп көрсетілген. Шет елдерде білім алып келген жастар қазір еліміздің әр саласында қызмет етеді. Олар — бірнеше тілді меңгергендер, компьютерлік технологияны жетік үйренгендер. Бұл Елбасының білім-ғылымға салған алғашқы инвестициясы. Қазір соның жемісін көріп жатырмыз. Жаңа технологияға негізделген оқыту болу керек. Осы жас ғалымдар, жаңа көзқарастағы оқытушылар ертеңгі күні басқа да мұғалімдерімен, оқытушылармен өздерінің тәжірибесін бөлісетін болады. Елбасы Жолдауында ұстаздар құрамының сапасын көтеру қажет деген.

Білім саласына қатысты Елбасы біліктілікті анықтауда тәуелсіз жүйені қалыптастыруды ұсынды. Бұл — күрделі және терең ойлануды қажет ететін, бірақ көп кешіктірмей шешетін мәселе. Мұғалімдер біліктілігін арттыруда сапалы өзгерістер орын алу қажет. Біліктілікті арттырудың алғашқы жолы, әрине, пәндік дайындықтар мен айлық курстар. Қазіргі жаңа инновациялық технологияларға байланысты ұстаздар кемінде үш жылда бір біліктіліктерін арттыру керек. Сол сияқты, ұстаздар арасындағы пәндік сайысқа жыл сайын қатысып отырылуы керек. Осы айтылып отырған шаралар түрлендіріліп отырса дұрыс болушы еді. Бір ғана пәннің аумағымен шектеліп қалмау керек.

Әрбір жүрегі елім деп соққан адамның өзінің халқына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Ұлттық санасы ояу ғана адамның өз елінің шын жанашыры екені белгілі. Халқымыздың халықтығының басты белгісі — тілі болса, оның көркеюі үшін әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет.

Қазақ тілінің тағдыры, болашағы Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан әрбір азаматты алаңдатары анық. Тарихтың сан алуан соқпағында «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы қаншама «тар жол тайғақ кешулерді» басынан кешіріп, қиындық көрсе де ешқашан тілінен, дінінен айырылған жоқ. Сонымен қатар, өз ана тілін білмейтін бауырларымыз да аз емес. Оны ешкім жоққа шығармайды. Себебі олар көптеген жылдарға созылған Ресейдің орыстандыру саясатының құрбандары.

Тілдің табиғилығы мен оның даму мәдениеті ертеден бері көтеріліп келе жатқан мәселе, бұл ұлттық таным мен ұлттық сана сезімнің қалыптасуынан келіп шығатын үрдіс екені белгілі. Қазіргі тілдің даму ширегіне жеткен кезінде, сондай-ақ, замани дамуға байланысты тіларалық қарым-қатынастың терендей түскен шағында қазіргі тіл тазалығымен оның мәдениетінің дамуын әлеуметтік лингвистика, психолінгвистика сияқты тілдің ғылымның өзге ұштасқан салаларымен байланыстыра қарап бағамдауымыз қажет.

Тіл — сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы болумен қатар, өткен тарихты бүгінгі күнге, ал бүгінгі ой-пікірлерімізді, жетістіктерімізді келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды міндет атқарып келеді. Халық қай деңгейде тілдің бай қоры мен көркемділігін сақтап сөйлейтін болса, соғұрлым өрелі ойлайды; қай деңгейде ойласа, сол аяда сөйлейді.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері, арада біраз уақыт өтті. Осы уақытта еліміз көптеген жетістікке, биіктерге жете білді. Халықтың әлеуметтік жағдайы көтеріліп, заң, өнеркәсіп, ғылым, экономика, денсаулық сақтау салалары өз алдына даму үстінде. Қазақ тілін дамытуда әр сала өз үлесін қосуы керек. Тек сонда ғана әр қазақстандық қазақ тілін игеріп, еркін ойын жеткізіп, сөйлесе алатын болады. Өзіміз ана тілінде сөйлемейінше, өзге ешкім де бұл тілді құрметтемейді.

Мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты Н. Ә. Назарбаев «Мемлекет өз тарапынан тиісті нәрсенің бәрін жасап жатыр, бүгінгі күні қазақ тілінің тиісті мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Ол іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол заң кез келген жерде мемлекеттік тілде сөйлеуге, кез келген қағазды мемлекеттік тілде жазуға, қажет жерінде сол тілде жауап алуға жағдай жасайды. Әлі-ақ, қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады, тек оны насихаттай білуіміз керек», — деді.